

# САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

## АБАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ




# АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ



# АБАЙ

Ұлы ақын, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы – Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы Өскенбайұлы Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей уезі) Абай ауданында (бұрынғы Шыңғыстау облысы) Шыңғыс тауының бауырында дүниеге келді. Абай атақты Тобықты руының Ырғызбай деген тобынан тарайды. Ол ауыл молдасынан оқып жүрген кішкентай кезінен-ақ зеректігімен көзге түседі. Кейін ол Семей қаласында 3 жылдық медресе тәрбиесін алады. Абай көпті көрген әжесі Зеренің тәрбиесінде болды. Шешесі Ұлжан да ақылды ананың бірі болған. Құнанбай өз заманында ел басқарған адам болды. Ол ел билеу ісіне балаларының ішінде Абайды баулып, араластырды. Абайды оқудан ерте тартып, оқудан шығарып алуы да сол билікке ұлын қалдыру мақсатында еді. Әке еркімен ел ісіне жастай араласқан Абай тез есейіп, балалықтан да ерте айырылып, жастайынан ел ішіндегі әңгіме, сөз өнерін, билердің шешендік өнеріне құлақ салып, өзінің ерекше талантымен бойына сіңіре білді. Елі үшін әділет жолын ұстанған Абайдың үстінен арыз да жазылып, үш-төрт ай тергеліп, ақталып шықты. Әке-шешесінің қасында жүрсе де жас Абай оқудан қол үзбейді, бос уақытында қазақтың мәдениетін, араб, парсы, шағатай тілдерін үйренеді. Шығыс әдебиетінің алыптары Низами, Хожа Хафиз, Науаи, Физули т. б. ақындарының өлеңін жаттап өседі. Кейін ол орыс әдебиеті мен тілін өздігінен үйреніп, орыстың ұлы ойшылдары Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Щедрин, Некрасов т. б. шығармаларымен танысады. Сонымен бірге ағылшын ғалымы Дарвиннің, Шекспирдің шығармаларын да оқиды. Соның арқасында дүниетанымын кеңітіп, білімін шыңдай береді.

**Ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Абай Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» - тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды.**



# ҰЛЫ АҚЫННЫҢ МҰРАЛАРЫ




*«Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы-халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы.Маңызын жоймау былай тұрсын,заман өзгеріп,қоғамдық санада күрт сапырылыстарпайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып,қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізді.*

*Ақынның дүниеге келгеніне бір жарым ғасыр,ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті.Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі қай бұрылыстар мен қай құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық, адастырмас құбыланама болып қызмет етіп келеді.*

*Бұл күнде Абай сөзі әр қазақтың ағзасына ана сүтімен бірге дариды десе,артық айтылғандық емес.Ана сүті тән қорегі ретінде жас сәбидің буыны бекіп,бұғанасы қатаюына қызмет етсе,ақын сөзі оның санасына адамдық пен азаматтықтың ұрығын сеуіп қызмет етеді».*

**Ж.ЫСМАҒҰЛОВ**



*Мен жазбаймын өлеңді ермек  
үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі-сезімді, тілі-орамды,  
Жаздым үлгі жастарға бермек  
үшін!*

*Ақынның шығармашылықпен еркін араласуы 1860 жылдар болды. Ол кезде Абай өлеңдерін басқа аттармен жариялаған, тек 1886 жылы «Жаз» деген өлеңінен бастап өз атын қоя бастайды. Ақынның «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғұтыр», сонымен қатар «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Сегіз аяқ» өлеңдерінің сол кездегі әлеуметтік жағдайларды түсіну үшін маңызы зор.*

*Абайтанудың білгірі М. Әуезовтің атап көрсеткендей, Абай мұрасының нәр алған рухани үш арнасы: өз халқының мәдени мұрасы мен Шығыс, Батыс елдерінің рухани қазынасы болды.*

*Оқи жүріп, білімін толықтыра жүріп қырықтан асқан шағында біржөла ақындыққа берілді.*

*Туған халқын сүйіп, оны қасіреттен құтқаруды, бодандыққа қарсы Абай халқын оятып, береке-бірлікке шақырды. Туған халқы да Абайын сүйіп, қатты құрметтеді. Өмірлік мағынасы зор өлеңдерін жатқа айтып, тұмардай сақтады. Шынында әр сөзі теңіздің тереңіне тартқандай мың батпан ойдан туған, кісіге берер шабыты мен шапағаты мол Абай әр қазақтың бағдаршамы іспетті. Абай өлеңдері бай философиялық, курескерлік қасиетке ие. Ол ең алдымен қазақтың телегей – теңіз ауыз әдебиетінен сусындап, батырлар жыры мен гашиқтық жырларының үрдісіне мұрагерлік етті.*

*Абай қазақ өлең үлгісін жаңаша тұрғыдан байыта түсті. Сондықтан да Абай қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы деуге болады.*



*Абай тек қана ақын емес, сонымен бірге сазгер. Халық арасынан шыққан таланттарды танып, олардың еңбегін таратушы болды.*

*Абайдың ән шығармашылығы қазақтың халық музыкасында ерекше орын алады. «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай» т. б. әндері әлі күнге халық жүрегінен жылы орын алған.*

*Абай өзінің шығармашылығында қара сөзге ерекше мән берген.*

*Абай поэзиясының арқауы ғылым, білім, еңбек – осы қара сөздерде жалғасып дамиды.*

*Қара сөздерден адамның көңіл-күйінің жарығы мен қараңғысының айнасы болған – күлкі мен қайғы туралы педагогтар арасында осы күнге дейін айтылмаған тың ой табамыз. Өйткені күлкі мен қайғы туралы ешкім Абайдай тап басып айта алмаған.*

*Абай «күлме» демейді тек «орынсыз күлкіден сақ бол» дейді. Абай өз шығармалары арқылы рухани бірлікке шақырады.*

*Қорыта айтқанда, Абай қазақтың демократ ақыны, ұлы ойшыл, философы. Ол қазақ тілінің мәйегінен көптеген өлеңдер мен дастандар сондай-ақ, басқа да философиялық шығармалар жазды.*

*Абайды Абай еткен, асыл сөзімен өлең етіп ұйытып, жүрегіне жыр болып байланған қасиеті - өмірден әділет, мейірім, сенім, адалдық іздеу барысында тапқан танымдық олжалары, санасын сарғайтып барып көзін ашқан тұжырым тоғыстары өлең арқылы өріліп жатыр.*

*Абай өлеңдерінің тақырыбы жан-жақты әлеуметтік аясы кең. Өлеңдері халықты өнерге, білімге, ғылымға шақырады, әрі жанға жайлы, жүрекке жылы тиетін махаббат өлеңдері болып келеді. Сондықтан Абай өлеңдері XIX ғасырдағы «қазақ қоғамының айнасы» деп те аталады.*

The background is a detailed illustration of a landscape. In the top left corner, a bright sun with rays is partially obscured by a cloud. The sky is filled with various cloud formations. In the lower-left foreground, there is a city with several domes and minarets, possibly a mosque or a traditional Islamic city, situated on a hillside. To the right, a large, leafy tree stands prominently. The overall style is that of a classic woodcut or engraving, with fine lines and a muted color palette of browns, yellows, and greys.

*АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ  
ЛИРИКАСЫ*

*Табиғат - адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Бар байлық, қазына, тіршілік, табиғат дүниежүзі әдебиетіндегі ірі классик ақындардың барлығының да шығармаларынан орын алды. Әр дәуір, әр жағдайға лайықты табиғатты әркім әртүрлі жырлады. Біреулер табиғат арқылы өмір сүретін, біреулер табиғатты суреттеу арқылы көңіл-күйін, өз көзқарасын айтып берді. Ал кейбіреулер белгілі бір кезеңдерде өмірдегі күрестартыстардан безіп, табиғатты ғана жырлап, өмірден безу көйгейін тартты. Қайткенмен де, табиғат көркем әдебиеттен үлкен орын алды. Абайдың да айрықша жырлағанының бірі табиғат болды. Ол табиғат аясында өсіп, оны сүйе білді. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Күз», «Қыс», «Жаз» деген өлеңдерін оқығанда, табиғаттың әртүрлі құбылысы көзіңе елестейді. Жаратылыстың жайдары жазын, түсі суық тұманды күзін, не болмаса сақылдаған аязы мен қарлы боранын өзің көріп тұрғандай боласың.*

# КҮЗ

*Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан.  
Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма?  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.  
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.*

*Бұл өлеңде күз түсумен бірге бәйшешек солып, ағаштардың сидиып, жапырағынан айрылғанын, ерке жазда мәз-мейрам болып келген жастардың, асыр салып ойнаған балалардың көрінбейтіндігін, қысқасы, көңілсіз күздің бейнесін тамаша түрде елестетеді.*

*«Күз» өлеңінде шөп қуарып, күн салқындап, көңілсіз кездің келу суретін бұлжытпай берумен қатар, мал баққан көшпелі, шала көшпелі ел үшін күздің жағдайсыз кезең екендігін айқындайды.*

*Кемпір, шал құржаң қағып, бала бүрсең,  
Көңілсіз қара суық қырда жүрсең, - дейді.*


*Жалғыз бұл ғана емес, қай жерін оқысаң да, көзіңе күзгі кедей ауылдың көңілсіз сүреңі елестейді. Табиғатты оқиғамен байланыстыра суреттеу халық ауыз әдебиетінде де болды. Бірақ қазақ әдебиетінде табиғаттың өзін жеке тақырып етіп алып, Батыстың классик ақындарының үлгісімен суреттеу Алтынсарин мен Абайдан басталады.*

*Әсіресе оны жоғарғы сатыға көтерген - Абай.*


Абай жылдың қай мезгілін суреттесе де, ең алдымен оның шындық бейнесін береді. Жоғарғы үзіндіде келтірген өлеңдердің қайсысын оқысақта, сол кездің суреті көз алдында тұрады. «Қылышын сүйреткен қыс», «Масатыдай құлпырған жаз» өз кескінімен көрінеді. Жылдың төрт мезгіліндегі табиғаттың өз әдемілігінің мына жері кем қалыпты деп ешкім таласа алмастай етіп суреттелінеді. Ақын өлеңдерінде табиғаттың тек жалаң суретін ғана беріп қойған жоқ, оны адам өмірімен нық байланыстыра білді. Мал бағумен күн көріп, көшіп-қонып жүрген қазақ елінің өмір шындығын дәлме-дәл көрсетіп, жылдың әрбір мезгілінің мал баққан елге қандай әсер ететіндігін баяндады.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,  
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып,  
Шаруа қуған жастардың мойны босап,  
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып, - деп, Абай күн көрісі табиғатпен нық байланысты болған елдің алты ай қыста бүрсең қаққан, қалт-құлт еткен кейпі жаз келе жадырап, басқа түрге енгенін, мал баққан ел қандай қуанышпен жазды қарсы алатындығын, оның өзі өмір тіршілігімен байланысты екендігін көрсетеді.

Ақын қазақ даласындағы жазғытұрғы кездің барлық суретін толық берумен бірге, бұл кезді қазақ халқын еңбекке жұмылдыратын, тіршілік үшін күресінің қайнар көзі деп таниды.



*Желсіз түнде жарық ай  
Сәулесі суда дірілдеп  
Ауылдың жаны терең сай  
Тасыған өзен гүрілдеп  
Қалың ағаш жапырағы  
Сыбырласып өзді-өзі  
Көрінбей жердің топырағы  
Құлпырған жасыл жер жүзі*



Мұнда Абай көз алдыңа мынадай дүниенің түрін келтірген: желсіз, жарық түн, әдемі тау, су бетінде дірілдеген айдын, ұйықтаған ауыл, үрген ит. Бұл дүниенің бір ұнамды суреті. Нәзік мінез, ыстық махаббатқа жүректері толып айқасқан екі ғашықтың сұлу халін әлгіндей сұлу суретімен құбылыстырып “Желсіз түнде жарық ай” деп жазған өлеңі суретшілігінің зо куәсі



Абай қыстың кескінін де аса  
шеберлікпен суреттейді.  
Үскірік бораны бұрқырап  
тұрған қысты рақымсыз адам  
бейнесіне ұқсатады. Қыстың  
малға да жағымсыз соқыр,  
мылқау күш екендігін  
аңғартады.

### ҚЫС

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды  
Соқыр мылқау танымас тірі  
жанды  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық  
Басқан жері сықырлап келіп  
қалды



Абай “Қыс” өлеңінде қысты адам бейнесінде суреттейді. Бұрын қысты бұлай суреттеу болмаған. Абай оны қазақтың ұғымына сай “кәрі құдаң қыс келіп, әлек салды” деген байырға сөздер арқылы образдар жасайды. Қысты ақ сақалды адам бейнесінде суреттеу бұранғы қазақ әдебиетінде Абайдан басқаларда кездеспейді.

Абай жылдың қай мезгілін суреттесе де, ең алдымен оның шындық бейнесін береді. Жоғарғы үзіндіде келтірген өлеңдердің қайсысын оқысақ та, сол кездің суреті көз алдында тұрады.

«Қылышын сүйреткен қыс», «Масатыдай құлпырған жаз» өз кескінімен көрінеді. Жылдың төрт мезгіліндегі табиғаттың өз әдемілігінің мына жері кем қалыпты деп ешкім таласа алмастай етіп суреттелінеді. Ақын өлеңдерінде табиғаттың тек жалаң

суретін ғана беріп қойған жоқ, оны адам өмірімен нық байланыстыра білді. Мал бағумен күн көріп, көшіп-қонып жүрген қазақ елінің өмір шындығын дәлме-дәл көрсетіп, жылдың әрбір мезгілінің мал баққан елге қандай әсер ететіндігін баяндады

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,

Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып,

Шаруа қуған жастардың мойны босап,

Сыбырласып, сырласып, мауқын басып, - деп

Абай күн көрісі табиғатпен нық байланысты болған елдің алты ай қыста бүрсең қаққан, қалт-құлт еткен кейпі жаз келе жадырап, басқа түрге енгенін, мал баққан ел қандай қуанышпен жазды қарсы алатындығын, оның өзі өмір тіршілігімен байланысты екендігін көрсетеді.

Шын хакім ,сөздің асыл баға бермес ,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес .  
Қарадан хакім болған сендей жанның,  
Әлемінен құлағынан әні кетпес.

-- Мағжан Жұмабаев

Қазақты тану үшін Абайды оқу қажет, ал  
Абайды түсіну үшін азамат болу шарт.  
Абайды тану - қазақтың өзін-өзі тануының,  
басы да, соңы да! Абайды тану - Абай айтқан  
сындардан толық қорытынды шығару деп  
білеміз. Айдай анық нәрсе, Абай ақын ғана  
емес, ол өлеңдері арқылы өз халқының  
тәрдегі басын есікке сүйреп келген, басты  
міндерін батыл көрсетіп берген тұңғыш дана  
сыншымыз да!



Атағы жер жүзіне дүрілдеген,  
Бұл біздің Абай ата гүрілдеген.  
Құнанбаев атамыз жер жүзінде,  
Танылған бар әлемге өлеңімен.

Барсам да, әрбір елге әр қалаға,  
Өмірден аз хабары бар адамда.  
Білмейтін Абай атаны жан көргем жоқ,  
Мен бұған қуанамын, таңданамда.

Айтайыншы таңқалудың енді жайын,  
Ұшқаны атақ-даңқы көрген сайын.  
Көз алдыма келтірем сол бейнесін,  
Кәдімгі жақсы адамды қарапайым.

Абай атамыз адамдықты қалаған,  
Ақиқатты бетке қарап қадаған.  
Атамыздың атағына асқар тау тең,  
Жақсы қасиет өн бойында тараған.

Иә , Абай ата құдіретіне жетпейді ғой ештеңе,  
еңбегіңіз үлгі болар біздерге, өшпесе екен артта  
қалған еңбегі!!!

**Назарларыңызға  
рахмет!**

